

Қаражал қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 10 қыркүйектегі № 137 "Қалалық коммуналдық мүлікті иеліктен айыру түрлерін таңдау жөніндегі критерийлерді айқындау туралы" қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Ұлытау облысы Қаражал қаласының әкімдігінің 2024 жылғы 13 желтоқсандағы № 94 қаулысы. Ұлытау облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 17 желтоқсанда № 162-20 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27 – бабына сәйкес, Қаражал қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қаражал қаласы әкімдігінің "Қалалық коммуналдық мүлікті иеліктен айыру түрлерін таңдау жөніндегі критерийлерді айқындау туралы" 2015 жылғы 10 қыркүйектегі № 137 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №3417 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қаражал қаласының әкімі

А. Елеусизов